ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Абай облысы
071400, Семей қаласы
К. Мұхамеджанов көшесі, 8 үй

АБАЙ ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ"
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340012505
№ 3516
«18» 09 2026 жыл

Мектеп директорларына

Абай облысы білім басқармасының «Семей қаласының білім бөлімі» ММ Ұлттық тестілеу орталығының 2026 жылғы 17 қыркүйектегі №3170 хаты негізінде келесіні хабарлайды.

Ағымдағы жылғы Тамыз конференциясы барысында Мемлекет басшысы елдің жекелеген өңірлеріндегі Бірыңғай ұлттық тестілеудің нәтижелеріне назар аударып, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім сапасындағы алшақтықты қысқарту жөнінде тапсырма берді.

Осы міндетті жүйелі шешудің құралдарының бірі оқыту нәтижелерін тереңдетілген талдаудан өткізу және өңірлік деңгейде білім сапасына әсер ететін факторларды анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы (бұдан әрі – ҰТО) БҰТ өткізуді жүзеге асыратын ұйым бола отырып, өңірлер, аудандар (қалалар), білім беру ұйымдары және тестілеуге қатысушылар бөлінісінде тестілеу нәтижелері туралы едәуір көлемдегі деректер жиынтығына ие.

Аталған деректерді пайдалану БҰТ нәтижелеріне кешенді талдау жүргізуге, проблемалық аймақтар мен тұрақты үрдістерді анықтауға, білім беру нәтижелеріне әсер ететін факторларды белгілеуге, сондай-ақ білім сапасын арттыру бойынша практикалық ұсынымдар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осындай зерттеулердің нәтижелерін жергілікті атқарушы органдар білім сапасын арттыруға, оның ішінде қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқартуға бағытталған басқарушылық шешімдерді әзірлеу мен қабылдау кезінде пайдалана алады.

Сонымен қатар, ҰТО білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін объективті бағалау, әлсіз тұстарды анықтау және білім сапасын одан әрі арттыру бағыттарын белгілеу мақсатында мектеп оқушыларының білімін бақылау кесінділерін ұйымдастыру және өткізу мәселесін, сондай-ақ 9-сынып және (немесе) 10-сынып оқушылары үшін кәсіптік бағдар беру тесттерін өткізу мәселесін пысықтауға дайын.

Жоғарыда аталған барлық тесттер мен кесінділер ҰТО стандарттары бойынша мектептер базасында өткізілетін болады.

Осыған байланысты өңір, аудандар (қалалар) және білім беру ұйымдары бөлінісінде БҰТ нәтижелеріне тереңдетілген талдау жүргізуді және тиісті ұсынымдар әзірлеуді көздейтін ҰТО-ның талдамалық зерттеулер жүргізу қызметтерін ақылы негізде сатып алу мүмкіндігі бар екендігін ақпарат үшін хабарлайды.

Бөлім басшысы **А. Т. Нуралдинов**

Орынд: Газымова Н. Г.
Тел: + 7 7222 52 30 08